

"Шаруашылық шарттар жөніндегі наразылықтарды табыс етудің және оларды кәсіпорындардың, ұйымдар мен мекемелердің қарауының, келіспеушіліктерді реттеудің тәртібі туралы" ережені бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің қаулысы 15 ақпан 1993 ж. N 111. Қаулының күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2005 жылғы 27 шілдедегі N 781 қаулысымен

Шаруашылық дауларын төрелік қарауға дейін шешу саласындағы хұқылық реттеуді жетілдіру мақсатында Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. "Шаруашылық шарттар жөніндегі наразылықтарды табыс етудің және оларды кәсіпорындардың, ұйымдар мен мекемелердің қарауының, келіспеушіліктерді реттеудің тәртібі туралы" осыған қосылған Ереже бекітілсін.

2. Осы қаулы 1993 жылғы 1 наурыздан бастап қолданылатын болсын.

Қазақстан Республикасының
Премьер-министрі

Қазақстан Республикасы
Министрлер Кабинетінің
1993 жылғы 15 ақпандағы
N 111 қаулысымен

Бекітілген

Шаруашылық шарттар жөніндегі наразылықтарды
табыс етудің және оларды кәсіпорындардың,
ұйымдар мен мекемелердің қарауының,
келіспеушіліктерді реттеудің тәртібі туралы
Ереже

I. Жалпы ережелер

1. Осы Ереже кәсіпорындардың, ұйымдар мен мекемелердің <*> шаруашылық шарттарды орындау барысында және басқа да негіздер бойынша туындаған наразылықтарды табыс етудің тәртібін, сондай-ақ шаруашылық шарт жасасу, оны өзгерту мен бұзу кезінде туындайтын келіспеушіліктерді реттеу тәртібін белгілейді.

<*> Мұнан әрі - кәсіпорындар.

Ереже, егер қолданылып жүрген заңда немесе шартта басқадай белгіленбеген

болса, Қазақстан Республикасы аумағындағы барлық кәсіпорындар үшін, олардың меншік нысанына және ведомстволық бағыныстылығына қарамастан, міндетті болып табылады.

2. Осы Ереженің күші:

- жүк тасымалдау жөніндегі шарт пен байланыс қызметін көрсету жөніндегі операциялар бойынша туындаған көлік және байланыс кәсіпорындарына наразылық көрсетуге;

- экспорт үшін тауарларға тапсырыс берушілер мен жөнелтушілердің (сыртқы сауда бірлестіктері мен басқа да ұйымдар), тауарлардың импортқа тапсырысын орындайтын импорттық тауарларға тапсырыс берушілер мен жүк алушылардың наразылықтарына, сондай-ақ шетелге қатынайтын тасымалдау жөніндегі және шетелдік сақтандыру жөніндегі қатынастардан туындайтын наразылықтарға;

- егер қолданылып жүрген заңда банктер, салық инспекциялары және басқалар үшін дауды төрелік сотқа дейінгі реттеудің басқадай тәртібі белгіленген жағдайда;

- мемлекеттің мұқтаждары үшін өнім жөнелтуге жасалған мемлекеттік контракт таласқа түскен жағдайда таратылмайды.

3. Осы Ереженің мақсаты:

- кәсіпорындардың хұқықтарын және Заңмен қорғалатын мүдделерін қорғауды қамтамасыз ету, сондай-ақ Заңды қатал сақтау негізінде шаруашылық шарттарын жасау және орындау барысында туындаған келіспеушіліктерді қатынастар мен шарттық тәртіпті қамтамасыз ету;

- шарттық міндеттемелер мен мемлекеттік контрактілерді орындамауды туындататын фактілердің себептері мен жағдайларын табуға және жоюға, шаруашылық шарттарын жасау мен орындау жөніндегі жұмыстарды жақсартуға ықпал ету.

4. Басқа кәсіпорындардың мүліктік хұқықтары мен заңды мүдделерін бұзған кәсіпорындар, наразылық білдіруді күтпей-ақ оларды қалпына келтіруге міндетті.

II. Назылық білдірудің тәртібі мен мерзімдері

5. Мүліктік хұқықтары мен заңды мүдделеріне нұқсан келген кәсіпорындардың, осы хұқықтар мен мүддені бұзған кәсіпорындарға белгіленген тәртіппен наразылық білдіруге хұқы бар. Жоғары тұрған ұйымдар оған ведомстволық бағыныстағы кәсіпорындардың мүдделеріне орай наразылық білдіруге хұқықты.

Көліктік жарғыда (кодекстерде) көрсетілген жағдайларда, наразылықтар көліктік кәсіпорындарға білдіріледі.

6. Назылық жазбаша нысанда беріледі де, онда:

- наразылық білдіруші заңды ұйымның және наразылық білдірілуші заңды

ұйымның атауы, сондай-ақ олармен шаруашылық шарт жасау және берілген хұқыққа сәйкес оларды орындау жағдайындағы наразылық білдіріліп отырған құрылымдық бірліктің атауы;

- наразылық білдіруге негіз болған жағдай; наразылықта баяндалған жағдайларды растайтын дәлелдер; тиісті нормативтік актілерге сілтемелер;

- мәлімдеушінің талаптары;

- егер наразылық ақшалай бағалауға жататын болса, наразылықтың сомасы және онымен есеп айырысу; наразылық мәлімдеушінің төлемдік және почталық реквизиттері;

- наразылыққа қоса берілетін құжаттардың тізбесі, сондай-ақ басқа да дәлелдер көрсетіледі.

Наразылыққа кәсіпорынның, олардың жоғары органының, кәсіпорынның құрылымдық бірлігінің басшысы немесе басшының орынбасары қол қояды.

Наразылық тапсырыс-хатпен немесе құны көрсетілген хатпен жіберіледі, иә болмаса наразылықты алушының қолы куәландырылған қолхат алу арқылы немесе басқадай жолдармен (телекспен, телетайппен, факспен, почтограммамен және т.б.) жіберіледі.

Мәлімдеушінің қойған талаптарын растайтын құжаттар немесе олардың, тиісінше куәландырылған көшірмелері наразылыққа қоса тіркеледі.

Екінші тарапта бар құжаттарды, ол туралы наразылықта көрсетілсе, наразылыққа қоса тіркемеуге де болады.

7. Жетпейтін өнімдердің (тауарлардың) құнын өтеу туралы, мемлекеттік өкімет органдары мен басқармаларының, басқа да жоғары тұрған органдарының актілері мен келіспеушілік туралы наразылықтар, сондай-ақ сапасы төмен тез бұзылатын өнімдерді (тауарларды) жеткізуге байланысты туындайтын наразылықтар 20 күндік мерзім ішінде, ал басқа негіздер бойынша наразылықтар 1 ай ішінде беріледі.

Наразылық білдіру мерзімі кәсіпорынның өз хұқығының бұзылғаны туралы білген немесе білуге тиіс күнінен бастап есептеледі.

Дайындаушы жағынан мұқият оралған немесе аузы ашылмаған жәшіктерде алынған өнімнің (тауардың) жетпейтіндігі, болмаса сапасының төмендігі анықталған жағдайда, наразылық пен оны дәлелдейтін құжаттар тауар дайындаушыға жіберілуге тиіс. Егер дайындаушы немесе оның мекен-жайы қабылдап алушыға белгісіз болса, онда ол наразылықтың 2 данасы тауарды жөнелтушіге (жіберушіге) жіберіледі, ол мұны алған соң, наразылықтың 1 данасын тез арада дайындаушыға жіберуге және бұл жөнінде алушыға 3 күндік мерзім ішінде хабардар етуге міндетті.

8. Кәсіпорындар басқа кәсіпорындарға заңсыз иеленген олардың мүліктерін қайтару туралы наразылық білдіруге хақылы.

9. Осы Ереженің ІІ бөлімінің 7-тармағында белгіленген наразылық білдірудің мерзімі бұзылған жағдайда, төрелік сот немесе аралық сот шаруашылық дауларды қараған кезде қателік жіберген кәсіпорыннан республикалық бюджетке талап етілген соманың 2 проценті, бірақ 1000 сомнан кем емес және 10000 мың сомнан артық емес мөлшерде кіріс өндіріп алуға хұқылы.

Наразылық білдіру мерзімін бұзу - оны қараудан бас тартуға немесе наразылық тәртібін сақтамады деп тануға негіз бола алмайды.

ІІІ. Наразылықтарды қараудың тәртібі мен мерзімдері

10. Жетпейтін өнімнің (тауардың), мемлекеттік өкімет пен басқару органдарының, өзге де жоғары тұрған органдардың актілерінің таласқа түсуі туралы, сондай-ақ тез бұзылатын, сапасы төмен өнімдерді (тауарлар) жеткізіп беруге байланысты туындайтын наразылықтар - 20 күн ішінде, ал басқа негіздер бойынша наразылықтар - 1 ай ішінде қаралады.

11. Осы Ереженің ІІІ бөлімінің 10-тармағында белгіленген наразылықты қараудың мерзімі бұзылған жағдайда, иә болмаса ол жауапсыз қалдырылған жағдайда, төрелік сот немесе аралық сот шаруашылық дауды қарау барысында тәртіпті сақтамаған кәсіпорыннан республика бюджетіне талап етілген соманың 1000 сомнан кем емес, 10000 сомнан артық емес 2 процентін табыс қорына өндіріп беруге х а қ ы л ы .

12. Наразылықты қарау барысында кәсіпорындар қойылған талаптың заңдылығын және оның негізділігін (қажетті айғақтың болуын, өндіріп алынатын сома есебінен дұрыстығын) тексеруге тиіс.

Егер істі қарау үшін қажетті құжаттар наразылыққа қоса берілмесе, олар өтінім иесінен почта арқылы жіберу жолына кеткен уақытты есептемегенде, кем дегенде бес күн ішінде тапсыру керектігі көрсетіліп, сұратылады. Талап етілген құжаттар белгіленген мерзімде берілмесе, наразылық қолда бар құжаттар б о й ы н ш а қ а р а л а д ы .

Кәсіпорынның наразылығын қараған кезде, қажетті жағдайларда есептерді салыстыру, сараптау және дауды наразылық тәртібімен реттеуді қамтамасыз ететін басқа да іс-әрекеттер жүргізілуге тиіс. Мұндай жағдайда наразылықты қарау мерзімі, талап етілген құжаттарды алу үшін қажет мерзімге дейін ұ з а р т ы л а д ы .

13. Наразылық алған кәсіпорын мәлімдеушінің дәлелді талабын қанағаттандыруға және наразылықты қараудың нәтижесі туралы жазбаша н ы с а н д а х а б а р л а у ғ а м і н д е т т і .

Наразылыққа жауапта мыналар көрсетілуге тиіс:

- жауап беретін кәсіпорындардың және жауап жіберілетін кәсіпорындардың атауы, жауаптың күні мен нөмірі, жауап берілетін наразылықтың күні мен нөмірі

;

- наразылық толық немесе ішінара қанағаттандырылған кезде мойынға алынған сома, осы соманың аударылғаны туралы төлем қағаздың нөмірі мен күні немесе егер ол ақшамен бағалауға жатпайтын болса наразылықты қанағаттандырудың тәсілі мен мерзімі;

- наразылықты қанағаттандырудан толық немесе ішінара бас тартқан кезде - бас тартудың себептерін дәлелдейтін тиісті нормативті актілер мен құжаттарға с і л т е м е ж а с а у ;

- наразылыққа жауапқа қоса берілген құжаттардың, сондай-ақ басқа да дә л е л д е р д і ң т і з б е с і .

Наразылықты қанағаттандырудан толық немесе ішінара бас тартқан кезде мәлімдеушіге наразылықпен қоса берілген құжаттардың түпнұсқасы қайтарылуға тиіс, сондай-ақ егер олар мәлімдеушіде болмаған болса бас тарту себептерін дәлелдейтін құжаттар жіберілуі керек.

Наразылыққа жауап тапсырыс-хатпен немесе бағалы хатпен жіберіледі, иә болмаса жауапты алған адамның қолы куәландырылған қолхат алу арқылы немесе не басқадай жолдармен (факс, телекс, телетайп және т. б.) тапсырылады.

14. Егер наразылықты мойындау туралы жауапта мойындалған соманың аударылғаны жөнінде хабарланбаса, наразылық мәлімдеуші жауапты алғаннан кейін 20 күн өткен соң банкке, борышкер мойындаған соманы, төлем мерзімі өтіп кеткен жағдайда заңда белгіленгендегідей өсім төлеп, даусыз тәртіппен есептен алып тастауға өкім тапсыруға хұқылы. Борышкер жауабы өкіммен қоса беріледі, ал Қазақстанның Ұлттық мемлекеттік банкінің нұсқауында көзделгендегідей жағдайда өкім туралы жауапқа қосымшаның орнына оның күні мен нөмірі көрсетіледі. Қаржыны даусыз тәртіппен шот есебінен негізсіз шығарған тарап, келесі тарапқа даусыз тәртіппен есептен негізсіз шығарылған соманың 10 проценті мөлшерінде айып төлейді.

15. Кәсіпорындар, наразылықтарды қарау кезінде өздерінің қызметінен табылған кемшіліктерді тез арада жоюға шара қолдануға, ал мүлікті талан-таражға салу немесе қызмет бабын теріс пайдалану, иә болмаса заңды басқадай бұзу фактілері кездескенде тиісті шаралар қолдану үшін хұқық сақтау органдарына хабарлауға міндетті.

16. Наразылықты толық немесе ішінара қанағаттандырудан бас тартылған немесе жауап мерзімінде алынбаған жағдайда, мәлімдеуші төрелік сотқа немесе дауды шеше алатын басқа органға іздеу салуға хұқылы.

VI. Шаруашылық шарттарды жасасу, өзгерту
немесе бұзу кезінде туындайтын
келіспеушіліктерді реттеу

17. Шарттарға отыру, өзгерту не бұзу кезінде туындайтын келіспеушіліктерді реттеудің тәртібі мен мерзімдері кәсіпорындар үшін міндетті ережелерде қамтылмаған болса, ондай жағдайларда келіспеушіліктер осы Ереженің аталған бөлімінде белгіленген тәртіп пен мерзімде реттелуге тиіс.

18. Шарттарға отыру, өзгерту мен бұзу кезінде кәсіпорындар арасында пайда болатын келіспеушіліктерді кәсіпорын басшылары не олардың орынбасарлары иә болмаса сенім білдірген адамдары қарайды.

19. Шарттың жобасын алған кәсіпорынның шарт талаптары бойынша қарсылығы болса, келіспеу хаттамасын түзіп, ол жөнінде шартта ескерту жасап, қол қойылған шартты екі дана келіспеушілік хаттамасымен бірге 10 күндік мерзімде екінші тарапқа жіберіледі.

Келіспеушілік хаттамасын алған кәсіпорын 10 күн ішінде оны қарауға (қажет болған жағдайда екінші тараппен бірге), шартқа барлық қабылданған ұсыныстарды, реттелмей қалған келіспеушіліктерді енгізіп, осы мерзім шегінде төрелік соттың немесе егер шарт тараптарға міндетті актіге негізделсе, даулы істі қарай алатын басқа органдардың қарауына беруге міндетті. Қалған жағдайлар да тараптардың келісімі бойынша.

Мемлекеттік контрактіге негізделген шарт бойынша келіспеушілік хаттамасын алған жағдайда, немесе дауды төрелік сотта иә болмаса басқа органдарда қарау туралы тараптардың келісімі болған жағдайда, кәсіпорындар реттелмей қалған келіспеушіліктерді төрелік сот немесе осы даулы істі қарай алатын басқа органдардың қарауына жібермесе, екінші тараптың шарт бойынша ұсынысы қабылданды деп есептеледі.

20. Шартты өзгерту немесе бұзу қажет деп есептеген кәсіпорын бұл туралы келесі тарапқа шарт бойынша ұсынысын жолдайды.

Шартты өзгерту немесе бұзу туралы ұсыныс алған кәсіпорын ұсынысты алғаннан кейін 10 күннен кешіктірмей жауабын беруі керек. Шартты өзгерту немесе бұзу туралы келісімге келе алмаған кәсіпорындар, сондай-ақ жауап ала алмаған жағдайда олардың арасындағы дау мүдделі тараптардың арызы бойынша төрелік сотта немесе осы дау ведомстволық жағынан бағынышты басқа органдарда шешіледі.

21. Кәсіпорын екінші тарапқа белгіленген тәртіппен шарт жасасу туралы ұсыныс (оның жобасын қоса салады) жіберуге міндетті болып, бірақ бұл міндетті орындамаған жағдайда мүдделі тарап оларға жоба қолға тиюге тиіс күннен бастап 10 күн мерзім ішінде шарт жасасу туралы талап қояды.

Осындай талапқа жауап оны алғаннан кейін 10 күннен кешіктірілмей берілуге тиіс. Белгіленген мерзімде жауап алынбаса, сондай-ақ қолдау таппаған жауап алғанда, мүдделі тарап 10 күн мерзімнен кешіктірмей төрелік сотқа немесе осы даулы тиісті шеше алатын басқа органдарға іздеу салуға хұқылы.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК